

Мәдени және креатив индустриядағы жаһандық күн тәртібі

11 негізгі қадам

2021 жыл желтоқсан

Creative Industries
Policy & Evidence Centre
Led by *nesta*

In partnership with



СДО және Халықаралық Кеңес жайында

Креатив индустриялар саясаты және дәйектер орталығы (СДО) тәуелсіз дәйек пен саяси кеңес беру арқылы Ұлыбритания креатив индустриясының дамуына септеседі. Nesta басқаратын және Ұлыбритания үкіметінің өнеркәсіптік стратегиясының бөлігі ретінде Өнер және гуманитарлық зерттеулер кеңесі қаржыландыратын СДО құрамына Ұлыбританияның түкпір-түкпірінде жұмыс істейтін университеттер консорциумы кіреді (Бирмингем, Кардифф, Эдинбург, Глазго, Ланкастер университетінің жұмыс қоры, ЛЭМ, Манчестер, Ньюкасл, Сассекс және Ольстер).

СДО көптеген салалық серіктеспен, соның ішінде Creative UK-мен жұмыс істейді.

СДО халықаралық кеңесі — Британдық кеңес құрған әлемнің әр бұрышындағы жетекші саясат және креатив экономика практиктерінің желісі. Топ халықаралық мәдени және креатив индустриялардың саясаты мен зерттеу мүмкіндіктері туралы ақпарат бөліседі; СДО қызметіне шолу жасап, халықаралық таным беру үшін маңызды серіктес ретінде әрекет етеді.

www.pes.ac.uk

Британдық кеңес жайлы

Британдық кеңес өнер, мәдениет, білім және ағылшын тілі арқылы Ұлыбританиядағы және басқа елдердегі адамдар арасындағы байланысты, өзара түсіністік пен сенімді нығайтады.

Біз екі жолмен — өмірін тікелей өзгерту үшін жеке адамдармен және ұзақ мерзімді перспективада үлкен өзгерістерге қол жеткізу, әлем бойынша миллиондаған адамға пайда әкелу үшін үкіметтермен, серіктестермен жұмыс істейміз.

Біз жастарға өз әлеуетін толық пайдалануға, мықты және инклюзив орталарға тап болу үшін меңгеретін қабілет, сенімділік пен байланыс табуға көмектесеміз. Біз оларға ағылшын тілін үйренуге, жоғары сапалы білім алуға және халықаралық деңгейде мойындалатын қабілеттерді меңгеруге жәрдемдесеміз. Біздің өнер және мәдениет саласындағы жұмысымыз креатив көрініс пен алмасуды ынталандырады, креатив кәсіпкерлікке де қолдау көрсетеді.

www.britishcouncil.org

Бұл басылымға былай сілтеме жасау керек: Креатив индустриялар орталығының халықаралық саясат және дәйектер кеңесі (2021), "Мәдени және креатив индустриялардың жаһандық күн тәртібі", Лондон: Британдық кеңес және Креатив индустриялар саясаты және дәйектер орталығы.

Алғы сөз

COVID-19 пандемиясы бізге адами рух пен креатив ең ауыр кездерде де шуақты күндерге үміт сыйлайтынын көрсетті. Әлем денсаулық сақтау, экономика және климат дағдарыстардан шығу жолын табуға тырысып жатқанда, бізде өмір салтымызды қайта қарап, өзгертуге, қоғам тұрақтылығы мен әл-ауқатына, сондай-ақ экономикалық өсуге ықпал ететін саясат қарастыруға бірегей мүмкіндік бар.

Биыл да Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге креатив экономиканың үлесі жылы болды. Бұл жыл ғаламшарды, экономиканы және қоғамды пандемиядан кейінгі сауықтыру процесінде шешімнің маңызды бөлігі ретінде креатив экономиканың әлеуетін айқын көрсетті.

Дәл осы тұрғыда креатив индустрия саясаты және дәйектер орталығының (СДО) халықаралық кеңесі креатив сектордың қазіргі міндеттерді шешудегі әлеуетін оңтайландыруға септесетін он бір қадамды ұсынады. Әлемнің әр бұрышынан келген кәсіпкерлер, инвесторлар, саясаткерлер мен ғалымдар алғаш рет халықаралық топ ретінде жұмылып, таяу келешектің күн тәртібін

анықтау үшін креатив экономика саласындағы тәжірибесін ортаға салды. Кей аса қуатты және серпінді идеялар мен мәдени-креатив секторлардағы ең жылдам прогресс Жаһандық Оңтүстікте, соның ішінде стресске ұшыраған және ресурстар тапшылығы бар қалалық аймақтардағы бейресми жұмысшылар арасынан шығатынын мойындай отырып, бұл күн тәртібінің шынында жаһандық екенін атап өткен жөн.

Қазіргі уақытта креатив экономика жаһандық өркендеуге ықпал ететіні, мәдени бірегейлікке септесетіні және әлеуметтік ымыраластыққа оң әсер ететінін мойындалғанымен, саясат саласына келгенде өгей баладай күй кешеді. Осы он бір қадамның көбі қазірдің өзінде-ақ әлемнің кейбір бөліктерінде, көбіне креатив әрі шабыттандыратын жергілікті және муниципалды көшбасшылар арасында құндылығын дәлелдеген, бірақ жиі елеусіз қалып қояды. Біздің айтпағымыз мынау — әлемге қажет шұғыл реконфигурацияға қол жеткізгіміз келсе, бұл идеялар жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына айналуы керек.



Біз Тұрақты даму мақсаттарын қолдаймыз

1. Креатив білім және дағдыны арттыру

СДО кеңесі жергілікті, ұлттық және халықаралық үкіметтерді өнер мен мәдениеттің білім беру мен кәсіби даярлаудың кез келген деңгейіндегі адамдар креативін дамытудағы рөлін мойындауға үндейді. Бұл болашақ жұмыс күшін виртуал шынайылық, қоршаған ортаға бағытталған дизайн және жасанды интеллект

сияқты салаларда кемшіліктерді реттеу және жаңа мүмкіндіктерді пайдалануға қажет креатив пен дағдыларды қамтамасыз етуге көмектеседі. Бұған қол жеткізу өнер мен мәдениетті ғылым мен техникадағы дағдылармен қатар білім мен кәсіби дайындықтың барлық аспектісіне біріктіруді білдіреді.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



2. Креатив кәсіпкерлік және инновация

Кеңес билік өкілдерін мәдени және креатив индустрияда (МКИ) цифрлық технологияларды қолдану арқылы туындайтын инновациялық бизнес-модельдердің құндылығын, сондай-ақ ондағы ерекше мәселелерді, соның ішінде интеллектуал меншік құқығына (ИМҚ) лайық назар аударатын қаржыландыру қажеттігін және шағын креатив

кәсіпорындарға цифрлық революциядан толық пайда табуға көмектесетін бизнесті қолдауға шақырады.

МКИ-да өзін-өзі жұмыспен қамтудың жоғары және дамушы көрсеткіштерін ескере отырып, барлық дағдылар жүйесінде кәсіпкерлікті оқытуға көбірек көңіл бөлу қажет.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



3. Креативтегі мансап, фрилансерлер және бейресми күнкөріс көздері

Кеңес өзін-өзі жұмыспен қамтудың, кездейсоқ және келісімшарт негізіндегі жұмыстардың, сондай-ақ сектордағы бейресми жұмыстардың басым екенін ескере отырып, МКИ қызметкерлерінің лайықты еңбек жағдайы мен әлеуметтік қорғалуын қолдайтын саясатқа үндейді. Біз халықаралық агенттіктер мен ұлттық үкіметтерді осы адамдардың саясаттағы әділ және инклюзив өкілдігін қамтамасыз ету үшін еңбек нарығы туралы мазмұнды мәліметтер жинауға шақырамыз.

Атап айтқанда, біз көптеген қалада, әсіресе Жаһандық Оңтүстікте бейресми экономиканың ролін мойындауға шақырамыз. Шектеулі ресурстар, бақылаусыз еңбек және көбіне тіркелмеген кәсіпорындар жағдайында жұмыс істей отырып, бейресми креативті жан бағудың маргинал стратегиясы ретінде қабылдамауға да, мемлекетті тиісті жауапкершіліктен босататын қауымдастықтың реакция ретінде романтикалауға да болмайды.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



4. Мәдени және креатив индустриялардағы ҒЗТКЖ

Кеңес инновацияларға инвестицияларды ынталандыратын саясат тек ғылым мен технологияны емес, өнер, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарды қоса алғанда, білім салаларының барлық спектрін тиісті түрде қамтуы үшін бүкіл әлемдегі директивалық органдар қолданатын "Фраскати" ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (ҒЗТКЖ) анықтамасын қайта қарауды ұсынады. ҒЗТКЖ өлшеу жүйелері, соның ішінде ҒЗТКЖ-ның ресми зерттеулері де әртүрлі салаларда ҒЗТКЖ-ны тану үшін жаңартылуы керек.

Көпжақты және пәнаралық зерттеулер мен әзірлемелер – МКИ инновациясының айрықша белгілері – әлемдегі ең үлкен экономикалық және әлеуметтік мәселелерді шешу үшін де қажет.

Дәлірек айтқанда, Кеңес ҒЗТКЖ МКИ-ді қаржыландыру мүмкіндіктерін тиімдірек қамтамасыз етуді және секторлар арасындағы өзара тиімді байланыстарды (мысалы, өндіріс пен дизайн) зерттеуді сұрайды.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



5. Мәдени және креатив индустрия және цифрлық экономика

Кеңес МКИ-дегі дерек пен құпиялылыққа, интернет-платформаларды реттеуге, зияткерлік меншікті құруға және қорғауға қатысты мәселелерді шешуге бағытталған жаңа нормативтік шешімдер мен инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысуға халықаралық және ұлттық билік өкілдерін шақырады.

Біз сондай-ақ цифрлық дағдыларға және әртүрлі географиялық аймақтарда бірдей қолжетімді сенімді цифрлық инфрақұрылымға инвестицияларды арттыруға шақырамыз. Бұл МКИ үшін жаңа ғимараттар я басқа да физикалық инфрақұрылым сияқты маңызды нәрсе екенін айта кеткен жөн.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



6. Мәдени және креатив индустриялар және экологиялық тұрақтылық

Кеңес директивалық органдарды МКИ-дің ресурстар мен физикалық ортаға салыстырмалы түрде аз әсер ету кезінде айналмалы экономикаға және экономикалық өсуге қосқан үлесін мойындауға шақырады. Сонымен бірге олардың әсерін азайту үшін әрекет ету қажетін мойындайды. Бұл дизайн сияқты салаларда, соның ішінде инновацияның алдыңғы қатарында тұрған, бірақ қазір қоршаған ортаны ластаушы болып есептелетін киім дизайны

саласында әсіресе өзекті. Мұндай мысал көптеген өнер мен ойын-сауық түріне де қатысты. Саясаткерлер креатив бизнес пен биоәртүрлілік, жергілікті азық-түлік, сертификатталған этикалық сән және экотуризм сияқты салалар арасындағы салааралық тенденцияларды толық пайдаланғысы келсе, өздерінің климаттық бастамаларына креатив практиктерді қосуы керек.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



7. Креатив қалалар мен аймақтық кластерлер

Кеңес ұлттық және аймақтық үкіметтерді инвестиция салуда ірі қалалардағы МКИ-ге ғана мән бермей, шағын жергілікті кластерлерде ашылатын көптеген мүмкіндікті қарастыруға шақырады. Қолда бар деректер олардың экономикалық тұрақтылығы және аймаққа тән гиперлокал қауымдастықтар сезімін сыйлап, бүкіл әлем бойынша МКИ-де инновациялық

өсу қозғалтқышы болуға, озық нарыққа қызмет көрсетуге әлеуеті бар екенін көрсетеді.

Осы микрокластерлерді жақсырақ түсіну үшін біз саясаткерлерден аймақтық және ұлттық креатив қала индекстері сияқты МКИ карталарын жасау кезінде төменгі деңгейдегі бастамалар мен қауымдастықтарды ескеруді сұраймыз.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



8. Мәдени және креатив индустриядағы баламалы қаржыландыру

Кеңес жаһандық саяси органдарды өсу мен теңдікті ілгерілету және креатив қауымдастықтар арасында мәдени өндірістің жаңа түрлерін ынталандыруға қажет инфрақұрылымға, дағдыларға, нарықтар мен платформаларға жеке сектордың инвестицияларын тарту үшін ынталандыру мен кепілдікті әзірлеуде

трастар мен қорларды ынтымақтасуға шақырады. Бірлесіп жұмыс істеу халықаралық деңгейде баламалы қаржыландыру үшін неғұрлым креатив құрылымдар құруға және ықпалды инвесторларды жаһандық креатив экономикаға инвестиция салуға итермелейтін жағдайлар жасауға болады.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



9. Мәдени және креатив индустриядағы әлеуметтік әділет, мәдени алуандық және инклюзия

Кеңес халықаралық институттар мен ұлттық саяси органдардың мәдени және креатив тәжірибелерді, тілдерді, дәстүрлі білімді, өнер мен артефактілерді, сондай-ақ мұра нысандары мен мәтіндерді сақтау жөніндегі үздіксіз әрі күшейіп келе жатқан еңбегін қолдайды.

Сонымен қатар, біз қауымдастықтарға ортақ аудитория қалыптастырып, ұжымдық таным беріп, инклюзив, жанашыр қоғам арқылы эмпатияны дамытуға көмектесетін цифрлық мәдениетаралық тәжірибені жаппай қолданысқа енгізуді ұсынамыз.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:




10. Дерек жинау және бөлісудің халықаралық стандарттары

Кеңес МКИ классификациясының әлемдік стандарттарын және халықаралық салыстырмалы деректер базасының дамуына септесу үшін креатив кәсіптерді дайындауға үндейді. Бұл МКИ-дің өзгермелі сипатын көрсететін Халықаралық стандартты өнеркәсіптік жіктеу (ХСӨЖ) және Стандартты кәсіби жіктеу (СКЖ) кодтарын қайта қарауды қамтамасыз ету жұмысын қамтуы керек.

Біз сондай-ақ халықаралық деңгейде МКИ деректерін тиімдірек жинауды қамтамасыз ету үшін МКИ бойынша халықаралық өлшеу стандарттарын қайта қарауды ұсынамыз. Біз ұлттық қажеттіліктер мен жүйелер арасындағы айырмашылықтарды мойындағанымызбен, жаһандық деңгейде стримингтік және халықаралық цифрлық қызметтер саудасы сияқты маңызды оң өзгерістерге қол жеткізу қажет.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



11. Мәдени және креатив индустрияны басқару саласындағы халықаралық ынтымақтастық

Кеңес бүкіл әлем бойынша МКИ-ді дамыту мақсатында халықаралық ынтымақтастықтың жаһандық стандарттарын айқындауға үндейді. Интеллектуал меншік заңнамасы, Интернетті реттеу, салық салу және

соған байланысты саясат сала пен үкімет үшін дәйекті, инклюзив, әділ әрі өзара тиімді болу үшін қайта қарауды қажет етеді.

Бұл қадам Тұрақты дамудың мынадай мақсаттарымен түйіседі:



Қорытынды

Жаһандық мәдени және креатив индустрияның (МКИ) қажеттіліктерін екі жылдық талқылауға сүйене отырып, СДО халықаралық кеңесінің он бір әрекеті қалыптасқан саясат бағыттары, әсіресе халықаралық деңгейде қайта қаралу керек. Бұл ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қаржыландырудың анықтамасын қалай түсінетінімізден бастап, өзін-өзі жұмыспен қамтыған адамдар мен бейресми экономика туралы деректерді жинауға басымдық бергенге дейін, әлеуметтік ықпалды қаржыландыруға назар аударуға дейінгі бағыттарды қамтиды. Алайда бұл күн тәртібі әңгіме мұнымен аяқталды деген сөз емес: енді халықаралық саяси жетекшілер оның қағидаларын негізгі бағытқа енгізуі керек. Әйтпесе, біз бүкіл әлем бойынша креатив қауымдастықтарды жоғалтып қана қоймай, сонымен қатар байлықты қайта бөлуден климаттың өзгеруіне дейін біздің заманымыздың ең маңызды жаһандық мәселелерін шешудің кең мүмкіндіктерінен қағыламыз. Біз бүкіл әлемдегі саясаткерлерді БҰҰ-ның 2021 жылғы "Тұрақты даму мүддесіндегі халықаралық креатив экономика жылы" деп жариялап, оның пайдасын көруге үндейміз. Пандемия тәжірибесі бүкіл әлемдегі аудитория мен практиктер үшін мәдени және креатив индустриялар құндылығын арттырды. Батыл әрекеттер арқасында үкіметтер өз қауымдастығының, экономикасының және халықаралық серіктестіктерінің игілігі үшін креатив күшін одан әрі қуаттандыра алады. Әрекет ететін кез келді.

Қол қоюшылар

СДО халықаралық кеңесінің мүшелері

Аврил Жофф

Аврил — қалалық өмірдегі мәдениет, мәдениет және мәдени экономика, халықаралық мәдени ынтымақтастықтағы әділдік, сондай-ақ халықаралық агенттіктермен (ХЕҰ, ЮНЕСКО, ЮНКТАД), африкалық ұйымдармен (Африка одағы) және Африка елдерінің үкіметтерімен жұмыс істейтін мәдениет саласындағы мамандардың құқығы мен мәртебесі сияқты салалардағы ғылыми орталар мен тәжірибелердің түйіскен жерінде жұмыс істейтін экономикалық әлеуметтанушы. Ол — Витс өнер мектебінің мәдени саясат және менеджмент кафедрасының аспирант-үйлестірушісі. Ол ЮНЕСКО-ның мәдени саясат және басқару жөніндегі сарапшылар тобының және Мәдени қатынастар жөніндегі халықаралық зерттеу альянсының (МҚХЗА) белсенді мүшесі.

Мемлекет: Оңтүстік Африка және Субсахар Африкасы.

Бернд Фезель

Бернд Фезель өзінің мансабын өнер саласынан бастаған. 1997 жылы Еуропалық галереялар қауымдастығының басқарушы директоры болды. Ол сонымен қатар Неміс өнер кеңесінің спикері болды. 2003 жылы Берлинде алғашқы ұлттық креатив индустрия конференциясын бастап, 2007 жылы Германияның ұлттық креатив индустрия бастамасының негізін қалаушылардың бірі атанды. Содан кейін Еуропаның мәдени астанасы RUHR.2010-да Фриц Пляйтген және проф. Дитер Горныйда вице-директор қызметін атқарды, кейінірек Дортмундтағы еуропалық креатив экономика орталығының аға кеңесшісі болды. 2016 жылдан бастап ол Роттердамдағы еуропалық креатив бизнес желісінің директоры болып, бүкіл Еуропадағы мәдени креатив секторлардағы 8 миллион азаматтың мүддесін қорғады. 2020 жылы Бернд Фезель Horizon Europe бағдарламалық комитетінің сарапшысы болып тағайындалды. Ол Гамбургтегі өнер және Медиа менеджмент институтында сабақ береді.

Мемлекет: Германия.

Данияр Аманалиев

Данияр — креатив саласындағы сериялық кәсіпкер және креатив экономика әуесқойы. Ол ololo creative hubs, Жон Галт бизнес-акселератор және ololo creative impact fund компанияларының негізін қалаушылардың бірі және бизнес жетекшісі. Данияр Орталық Азия креатив форумының басқарушы комитет мүшесі, Орталық Азия креатив желісінің тең құрылтайшысы, Қырғызстан креатив индустриялар қауымдастығының тең құрылтайшысы әрі төрағасы.

Мемлекет: Қырғызстан

Диана Марсела Рей Васкес

Диана — Латын Америкасын зерттеу бойынша докторлық дәрежесі бар саясаттанушы, креатив экономика және цифрлық экономика саласындағы сарапшы, ЮНЕСКО-ның Мәдени көмекші шоттарға арналған жаһандық стандарт жобасының тең авторы. Ол Латын Америкасының бірнеше елінде мәдени статистиканы, саясатты және заңнаманы дамытуға өз үлесін қосқан. Америкааралық Даму Банкі, БҰҰ Әйелдер ұйымы, ЮНЕСКО, SAB және CERLALC сияқты халықаралық агенттіктерде жұмыс істеді.

Мемлекет: Анд аймағы мен Орталық Америка елдері.

Двинита Ларасати

Тита — өнім дизайнері, Бандуң технологиялық институтының (ITB) оқытушы-зерттеушісі, Бандуң қаласының дизайны бойынша ЮНЕСКО-ның креатив қалалар желісінің үйлестірушісі және Индонезияның креатив қалалар желісі (ICCN) директорының стратегиялық серіктестік жөніндегі орынбасары. Ол Бандуң креатив қала форумын (BCCF) және Бандуң креатив экономика комитетін басқарады, Батыс Ява креатив экономика және инновациялар комитетінің (KREASI) кеңесшісі, Индонезия жас ғылым академиясының (ALMI) және Индонезия ғылым академиясының (Apiri) мүшесі, Индонезия климат шынайылық жобасында (TCRP) климат көшбасшысы. Ол графикалық күнделік жасайды, тәуелсіз SAB баспасының тең негізін қалаушы.

Мемлекет: Индонезия

Эдна дос Сантос-Дуйсенберг

Эдна — Біріккен Ұлттар Ұйымында халықаралық мансапқа ие болған экономист. Ол БҰҰ-ның Сауда және даму конференциясында (2004-2012) креатив экономика бағдарламасын құрып, оған жетекшілік етті. Ол БҰҰ-ның 2008-2010 жылдардағы креатив экономика туралы есептерін, сондай-ақ ЮНКТАД-тың креатив экономика бойынша Жаһандық дерекқорын іске қосты. Ол үкіметтер мен мекемелерге консультатив қызмет көрсетеді және барлық континенттегі ғылыми топтармен бірлесе жұмыс істейді.

Мемлекет: Бразилия және Швейцария

Жорж Гачара

Жорж — әлеуметтік кәсіпкер, суретші-менеджер және NEVA Fund LLP тең басқарушысы. Жорж Шығыс Африкадағы креатив индустрия бизнесін дамыту мен зерттеуге жетекшілік етіп, қарқынды дамып келе жатқан осы секторда ұзақ мерзімді экономикалық және мәдени құндылық қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Мемлекет: Кения, Руанда, Уганда, Танзания, Эфиопия

Жираж Машру

Жи — Үндістанның Мумбай қаласында орналасқан Salesforce.com цифрлық стратегия және дизайн командасының инновациялар жөніндегі директоры. Жираждың креатив ізденістері оны дизайн, инновация және кәсіпкерлікті үйретуге, стартаптарға тәлімгерлік етуге және Үндістан, АҚШ пен Ұлыбританияда білім беруге, сондай-ақ Тұрақты даму және креатив экономика саласындағы кәсіпорындар мен мемлекет қайраткерлеріне дәйекті даму стратегияларын ұсынуға әкелді.

Мемлекет: Үндістан

Жон Ньюбигин

Жон — Лондон мэрінің креатив индустрия жөніндегі уәкілі. Креатив индустрия саясаты және дәйектер орталығы халықаралық кеңесінің төрағасы.

Мемлекет: Ұлыбритания

Лаура Калланан

Лаура — Upstart Co-Lab негізін қалаушылардың бірі. CoLab импакт-инвестицияны креатив экономикаға тарту арқылы креатив қаржыландыру жолдарын өзгертеді. 2015 жылы Upstart Co-Lab іске қосылғанға дейін Лаура Ұлттық өнер қоры федералды агенттік төрағасының аға орынбасары болды. McKinsey&Company әлеуметтік сектор кеңсесінде кеңесші, Рокфеллер қорында директордың орынбасары болып істеді.

Мемлекет: АҚШ

Леандро Валиати

Леандро мансабын Бразилияда креатив индустрия және мәдениет экономикасы саясатының профессоры және кеңесшісі ретінде бастаған. МКИ-де саясатқа бағытталған өкілді академиялық орталық негізін қалап, оған жетекшілік етті. Кейінгі жылдары академиялық қызметтер атқарады. Испания, Франция және Ұлыбританияның саяси институттарында басқарма мүшесі ретінде жұмыс істеді. Оның ғылыми саласы — мәдениет және әлеуметтік-экономикалық даму, мәдени саясат және өнердің көп өлшемді әсері.

Мемлекет: Бразилия, Франция және Ұлыбритания

Марсель Краус

Марсель Карл университетінде әлеуметтік ғылымдардың, гуманитарлық ғылымдар мен өнердің инновациялық әлеуетін, сондай-ақ пәнаралық инновацияларды насихаттайды. Ол өнер және театр саласынан кетіп, Германияның Лейпциг қаласындағы Фраунгофер институтында және Чехия технологиялық агенттігінде трансферлік және креатив экономиканың инновациялық жүйелері саласында жұмыс істеп жүр.

Мемлекет: Чех Республикасы

Омар Нагати

Омар — сәулетші, қала жобалаушы. Каир орталығындағы CLUSTER атты қалалық дизайн және зерттеу платформасының негізін қалаушы. Бірқатар жергілікті және халықаралық университетте оқытушы, көбіне Ұлыбританияның Шеффилд Университетінде қонақ профессоры болып істейді.

Мемлекет: Мысыр

СДО және Британдық кеңес өкілдері

Британдық кеңес

Каролин Миби

Каролин Миби — Британдық кеңестің өнер желісінің директоры. Ол өнер және креатив индустрия жұмыстарының жаһандық портфолиосын қадағалауға, ұйымның жаһандық креатив экономика бағдарламасын құруға жауапты. 2013 жылы Британдық кеңеске келгенге дейін Каролин теледидар индустриясында жұмыс істеген. Ол — Лондондағы Studio 3 Arts компаниясының сенімді өкілі.

Скиндер Хундал МБЕ

Скиндер — Британдық кеңестің көркемдік директоры, Ұлыбританияның төрт елінде және бүкіл әлемде әр түрлі өнер түрлері мен негізгі көркемдік жұмыстарды қадағалайды. Ол сондай-ақ Artist News директорлар кеңесінің төрағасы. Бұрын New Art Exchange директоры және Nottingham Arts Mela-ның бірлескен көркемдік жетекшісі болған. Жақында ол Tom Dale Dance Company басқарма мүшесі ретінде зейнетке шықты.

PEC

Элиза Истон


Элиза Nesta инновациялық қоры басқаратын креатив индустрия саясаты және дәйектер орталығының (PEC) саясат бөлімін басқарады. Ол — Кембридж университетінің саясат жөніндегі ғылыми қызметкері.

Хасан Бахши

Хасан — Ұлыбританиядағы креатив индустрия саясаты және дәйектер орталығының директоры. Ол Darbar Arts және ART UK директорлар кеңесінің құрамына кіреді. Ұлыбритания үкіметі жанындағы Креатив индустриялар кеңесінің негізін қалаушылардың бірі.



British Council

 @BritishCouncil
www.britishcouncil.org


Ұлыбританияның мәдени байланыстар және білім беру мүмкіндіктері жөніндегі халықаралық ұйымы.
Тіркелген қайырымдылық нөмірі: 209131 (Англия және Уэльс), SC037733 (Шотландия).

Creative Industries Policy & Evidence Centre

Led by **nesta**

Creative Industries Policy and Evidence Centre (PEC)
58 Victoria Embankment
London EC4Y 0DS

+44 (0)20 7438 2500
enquiries@pec.ac.uk

 @CreativePEC
www.pec.ac.uk

Креатив индустрия саласындағы саясат және дәйектер орталығын Nesta басқарады.
Nesta Англия мен Уэльсте тіркелген қайырымдылық ұйымы, оның нөмірі – 7706036. Қайырымдылық нөмірі – 1144091.
SC042833 нөмірімен Шотландияда қайырымдылық ұйымы ретінде тіркелген. Заңды мекен-жайы: Виктория жағалауы, 58,
Лондон, EC4Y 0DS.

